Сол жылы италиялық газеттің «сенсациялық» ақпаратын американдық Reader's Digest журналы қайта басып шығарды. Төрт жылдан кейін патологоанатом Сэм Стоверрейкер жазған «Ғарышкердің аутопсиясы» кітабы жарық көрді. Онда автор GEMINI әуекемесімен ғарышқа ұшып ғарышқа қайтыс болған ғарышкерлердің киімімен және денелерінің кейбір бөлшектеріне зерттеу жүргізгені туралы жазған.

МИФ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ

Кеңес ғарышкерлері Гагарин ұшқанға дейін де, одан кейін де қайтыс болған жағдайлар кездескені рас. Мысалы, Валентин Бондаренко атты ғарышкер ғарышқа ұшмай-ақ 1961 жылы сынақтық ұшу кезінде қаза тапты. Владимир Комаров 1967 жылы 24 сәуірде «Союз-1» кемесін жерге қондыру кезінде болған апаттан қашу жұлды, Георгий Волков, Владислав Волков және Виктор Пацаев 1971 жылы 30 маусымда «Союз-11» кемесінің жарылысы кезінде жан қиды. Бірақ кеңестік ғарышкерлік тарихында батыс баспасөзі жазғандай құпия өкілдер ешқашан болған емес.



Әбділдаулы Бақдәулет, жас әнші:

Сағың сынбасын

— Өнер әлеміне қалай келдіңіз?

— Негізгі бала күнімнен ән айтамын. 2015 жылы жазатайым көлік апатына түсіп, мойын омыртқама зақым келіп, осындай жағдайға түсіп қалдым. Бастапқыда даусым шықпай қалды. Содан үйде жатып, ән айтып, ақырындап даусым шыға бастады. 2017 жылы YouTube желісінен “Карен туз” деген әншіні көрдім. Ол кісі менімен тағдырлас екен. Сол әншіден мотивация алдым. Мектеп бітіру кешінде қайта сахнаға шығып, халықтың қошеметі одан сайын жігер берді. Ән жаздыра бастадым. Байқаулардан жүлделі орындарға ие болдым.

— Эстрадада қай әншіні пір тұтасыз?

— Өнерде “А Студионың” орны ерекше. Сондай-ақ әлемді аузына қаратқан Димашты көбірек тыңдаймын. Бірақ біреуді пір тұтатын деп айта алмаймын.

— Музыка сіз үшін не?

— Музыка мен үшін жеке әлем. Мәселен, сәп-пап ауырып тұрсам, музыка тыңдасам басылғандай болады. Ол мен үшін жан азығы, мұңымды да, сырымды да шертетін жан серігім. Айтпақшы қазір гитара үйреніп жүрмін.

— Тыңдармандарыңызбен жүздесіп тұрасыз ба?

— Иә, жүздесіп тұрамын. Кездесулер жиі болмаса да ара тұра кездесіп тұрамыз.

— Әлеуметтік желідегі парақшаңызға жазылған пікірлердің барлығын оқисыз ба?

— Өрбір оқырманымның пікірі мен үшін маңызды. Сондықтан пікірлердің барлығын жиі бақылаймын.

— Алда қандай жоспарларыңыз бар?

— Жоспарым өте көп. Концерт

ұйымдастыруға рұқсат берілсе, кеш өткізіп, бейнебаян түсіру ойда бар.

— Өмірлік ұстанымыңызды білсек...

— Қатып қалған бір қандамдан өмір сүргім келмейді. Өз мақсатыңа жету үшін бар күш-жігеріңді салу. Шыңдықпен өмір сүру. Мәселенен қашпау. Бұл менің ең басты өмірлік ұстанымым.

— Тыңдармандарыңызға айтар тілегіңіз...

— Жақсы әрі жағымды күндеріміз көп болсын. Індеттен аман-есен шығып, қуанышты күндерде жүздесейік!

Інжу ЖАҚСЫЛЫҚ
ҚМУ-дың I курс студенті

Мамандық — өрбір адамның сүйіп, қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді және адам өміріндегі ең маңызды қадамның бірі. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам бақытты сезінеді.



МЕН ҰНАТҚАН МАМАНДЫҚ

Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейіміне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы, адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы шарт. Әлемде 40 мыңға жуық мамандық бар. Соның ішінде мен полиция мамандығын таңдағым келді. Қазіргі таңда басқа мамандық бойынша білім алып жүрсем де, бала күнгі арманымды орындағым келеді. 2 сынып оқып жүргенімде көшеден форма киген полициялерді көрсем қызыға қарап, “мен де осылай киініп, елге қызмет етем” деп ойлайтынмын. Жай ғана балалық арманым өсе келе детектив саласына жетелей бастады. Ылғи кинодан, жаңалықтардан қарап отыратыным. Детективтер қылмыс болған орынды тергеп, зерттей отырып, қылмыскерлерді табады. Бұл саланың айырмашылығы қылмыстың алдын алу

үшін белсенді түрде тергеу жұмыстарын жүргізеді. Детективтер, қылмыстық тергеушілер адамдарға жауапкершілікпен қарауы керек. Детективтер қылмыс орнына бақылауды жүзеге асыра алады және оқиға орнында тергеу жүргізеді. Сондықтан менің осы мамандыққа деген қызығушылығым ерекше. Қылмысты ашуға, қауіпсіздікті сақтауға полиция қызметкерінің еңбегі зор. Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайратты қажет етеді. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицияға қажетті басты қасиеттердің қатарында. Сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау тек қана полицияның міндеті емес, ол — біздің әрқайсысымыздың міндетіміз.

Аида АЙТБАЕВА,
ҚМУ-дың студенті

Пайым

ТЕКТІЛІК ТІНІ ТӘРБИЕДЕ

Ұрпақ тәрбиесі — жауапты іс. Отбасы — адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі — отбасы ішлік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі

артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А.Макаренко «Ата — аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетінііз, сөйлейтінііз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз деректік көрсетіп, құбайыңызды жөбірілеңіз осы існен сіз балаға жаман тәрбие бересіз» дейді. Жақсы перзент — ата-ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында

ата-ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жаңауада дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен жауапты тигізеді. Үйде балаларды жазу — сызуға, ауысша есепке машықтандыру, оларға қызықты өңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала, біріншіден, білімге құштар болса, екіншіден, ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім екі екенін естен шығармауымыз керек. Жас

жеткіншекке жаңауада дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады.

Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтап, біреудің затын рұқсатсыз алма т.б. деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата-ана, ал ата-ана өмірінің жалғасы — бала. Өмірінің жалғасы баланың керемет білім болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата-ана қадағалайды. «Тәрбие басы

— тал бесік», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата — ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетініді, туған — туыспен, көрші-көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастарқан басындағы әдеттілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып-соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру қажет.

Роза МАХАМБЕТӨЛІЕВА



Турар Жұмабайұлы — Шелі ауданының тұрғысы. Ол орта мектепті бітірген соң, музыка саласына ерекше қызықтанып айтады.

— Қазіргі уақытта Қазанған атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінде «Халық аспаптар» бөлімінде «Шертер» мамандығы бойынша білім алудамын. Шертер аспабын көпшілік біле бермейді. Қариялардың әңгімесіне қарағанда шертердің құрылысы мен формасы домбыраға ұқсас болған. Мойыны қысқа, қыл ішек тағылған, үлкендігі қойысқа шамалас. Аспаптың шаңы жұрттың ең терімен қапталған, сондықтан да дыбысы қоңыр өрі жағымды. Аспапта үш ішекті

домбыраңқы күйлері еркін ойналады. Менің бұл салаға яғни музыка әлеміне келуіме әкем ықпал етті, — дейді Т. Жарылқапов.

Алайда Турардың әкесі бастапқыда ұлының өнер адамы болғанын қаулап емес. Әкем өнер адамы болса да, менің бұл салаға келуіме қарсы болды. Бірақ мектеп қабырғасында жүргенімде гитарда ойнай бастадым. Кейін менің бойымдағы өнерді байқаған әкем батасын берді. Осылайша мен әкемнің өнердегі жолын жалғастым. Сондықтан әкемді алғашқы ұстазым санаймын. Ал екінші ұстазым — Бағдат Құдайбергенов. Алға ұмтылуға көмектескен ұстазыма

алғысым шексіз. Бүгінде ән шығарып жүрмін. Болашақта жазған әндерімнің сахнада орындалғанын қалаймын, — дейді жас музыкант. Өнер саласына өзіндік қолтаңбасын қалдыруды армандайтын Турардың әлі талай биіктерді бағындырамы анық. Шертер — үш ішекті, шертіп ойнайтын, қазақтың музыка мәдениетіндегі көне аспаптың бірі. Шертер көбінесе ән-жыр, дастандарды қостауға арналған. Ол басташылар арасында кең тараған. Қазіргі кезде пайдаланып жүрген сазсызны, жетіген, шертер, қылқобыз, собызғы, шаңқобыз сияқты ұрмалы аспаптар орындаушыға кеңінен таныпал.

Аружан МИРАМҚЫЗЫ

ЖАС ТАПАНТ

Жақында өңірлік XVII жастар Дельфиілік ойындарында «Шертер» номинациясы бойынша Турар Жарылқапов I орынды иеленді. Сондай-ақ музыкалық колледждер арасындағы 42 республикалық орындаушылар байқауында II орынды қанжығасына байлады. Енді Турар және оның шертер аспабы туралы аз-кем оқырманға таныстырайық.

Жаңа заманның жағдайы уақыт өткен сайын күрделенуде. Қамсыздар қатардан қалып, сауаттылар сағаттың тілінен қалыспайды. Бүгінгі жаңа атау ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ басты. Бұл заманда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдер адамдар ғана табысқа жетеді. Соңғы кезде білімді өз елінен емес, шет елден іздейтін жастардың қатары көбеюде. Нәліктен? Шексара асып, білім қуамын деген сылтаумен елден кетіп, басқа мемлекеттің болашағы үшін жұмыс жасауға жастар неге сонша құмар?

ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ БЕЙІМБІЗ?

Мемлекет әр баланың 11 жыл бойы білім алуына 3 млн 200 мың теңге көлеміндегі қолма қаражат қарастырған. Бірақ бұл тұлғаның қалыптасуы үшін қаншама тер төгілуде. Жалпы жастардың шет елдерге кетуі ел үшін үлкен шығын. Шетелде оқыған студент пен қазақстандық студенттің бір-бірінен артық немесе кем деп айту қиын. Дегенмен шетел студенттерін ойнау қабілеті мен әдемі деген қарым-қатынас біздің Сіз шетелде жүрсеніз, ұлттыңыз, дініңіз, киім үлгіңіз ешкімді қызықтырмайды. Әр адамға жеке тұлға ретінде қарайды. Қарым-қатынас өзіннің қандай екенінді көрсете білсең, соған лайық сыйға ие боласың. Олар әрбір ақпаратты сүзгіден өткізе біледі, яғни сараптап, оның рас-ерігін тексере алады. Мысалы, біздің мектептерде бір тапсырма берілсе, оқушы оны жаттап, мұғалімнің өзіне қайтып айтып береді. Жақсы бағаласа, соған қуанады. Біз бір түнде орындайтын тапсырманы дамыған мемлекеттердің мектебінде бір-екі апта көлемінде зерттеу, сараптап тапсырмасы жүзтеледі. Бір сөзбен айтқанда, білім беру жүйесі күрделі. Басты айырмашылық — осында. Шетелдік оқу орын бітіріп, елге оралған жастар жұмыс таппай жатыр дегенді жиі естиміз. Жұмыс жоқ емес, бар ғой. 100-150 мың

теңгені азсынып, жұмыссыз жүрген жастарымыз көп. “Болашақ” бағдарламасына тапсырғанда елге келгеннен кейін жұмыс істеу тұрғысы арнайы келісім-шарт бар. Осы шарт бойынша шетелден алған біліміңді, тәжірибеңді бөлісуің керек. Егер құжатты қалайық жерден тапсырған болсаң, бес жыл, ауылдық жерден тапсырған, еңі жыл көлемінде мемлекетке жұмыс істеуің қажет. Ол жерде түрлі талап бар. Бірақ аталмыш талаптардың өзін жастарымыздың елге қайта оралуына келіпдік бере алмай тұрғандық көрінеді. Бүгінгі замандастарда патриотизм кеміш. Менің ойымша, әрбір адам осы сезімге, рухқа ие болуы керек, әсіресе біздің бүгінгі мақалаға арқау болып жатқан жастар. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы, жас-жіптері мемлекеттің дамуына үлес қосу деген идеяны бірінші орынға қойып өмір сүруі қажет. Әрбір жас қазақстандықтың санасасында: “Мен — қазақстандықпын! Мен — елімнің патриотымын! Өзімнің бар білімімді, еңбегімді, тәжірибемді осы мемлекеттің бүгінгі мен болашағына аядауым керек!” деген ойы қалыптасу керек. Сондықтан да жастарымыз бар жинаған білімін де, мейірімін де туған елдің көркеюіне жұмсауы қажет.

Лунара Орынбай,
ҚМУ-дың III курс студенті

Осы сааланың мамандары жайлы сөз қозғалғанда, «қоршаған орта», «таза табиғат» сынды жалпы ұғым ойға оралады. Анығында олардың негізгі міндеті қандай? Экологтардың кәсіби мерекесі қарсаңында осы және өзге де сауалдардың жауабын білу үшін Қызылорда облысы бойынша Экология департаментінің зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің бас маманы Әлішер Әмірбекұлы және экологиялық реттеу бөлімінің бас маманы Оразғали Нұрғалиұлымен тілдестік.

— Әлішер, Оразғали өңімімізді экология саласына келген сәттеріңізден бастайықшы. Бұл саланы таңдауға не әсер етті? Табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстаудың эколог үшін жауапкершілігі қандай?

Әлішер ШАМЕНОВ:
— Адам баласының өмір жолындағы биік мақсаттың бірі жанына жақын мамандықты таңдап, білікті маман атану екені белгілі. Сондықтан «мамандық таңдауға қателеспей керек» деген қағида жиі айтылады. Ал экология саласы басқа мамандықтарға қарағанда өзгекер. Жалпы жұрт түсіне бермейтін, беймәлім қыр-сыры мол, ерекше ғажай мамандық десем де артық айтқаным емес.

Өткен жылдың маусымы айында мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы болып қабылдандым. Биыл департаменттің зертханалық-талдамалы бақылау бөліміне бас маман болып ауыстым. Осы уақыт аралығында экологияның ауқымды ғылым екенін түсіндім.

Оразғали МҮТӘЛІПОВ:

— Ал мен Ш.Әліханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығында білім алдым. Университет қабырғасында басқа облыс тұрғындарының көзқарасы намысыма тиетін. Әсіресе «Қызылорда» — экологиялық жағдайы нашар аймақ» деген пікір жиі айтылатын. Шынымды айтсам, бұл саланы таңдауыма аймақтың экологиялық жағдайы әсер етті. Өзге өңірлерде саяхаттап, пойыз немесе көлікпен келе жатқанда облыстың экологиялық жағдайы мез емесін аңғару қиын емес. Бұл бағытта жылдар бойы жұмыс атқарылууда, дегенмен оны әрі қарай жақсартуға өзім де үлес қосқым келді.

— Қазір эколог ретінде қандай жұмыс атқарып жүрсіздер? Жұмыс барысы жөнінде толығырақ айтып беріңіздерші...

Әлішер ШАМЕНОВ:
— Зертханалық-талдамалы бақылау бөлімі қоршаған орта сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның тұрақты экологиялық дамуының қолдауы деңгейіне жеткізуді назарда ұстайды. Бұл бөлімде мамандар су көздеріне, атмосфералық ауаға, өнеркәсіптік шығарындыларға, топырақтың құрамына, радиациялық қауіпсіздік және автокөліктен шығатын газдардың шығарындыларына бақылау жүргізеді.

Бөлім ережесіне сәйкес әрбір маман өзіне жүктелген міндетті атқарады. Мысалы, мен атмосфералық ауаға, өнеркәсіптік және автокөліктен шығатын газ шығарындыларына өлшеу жұмыстарын жүргізіп, сынама аламын. Сонымен қатар, табиғат пайдаланушылардың тоқсан сайын тапсыратын өндірістің экологиялық бақылау (ӨЗБ) есептеріне талдау жасау, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерге қатысу — біздің негізгі жұмысымыз.

Оразғали МҮТӘЛІПОВ:

— Қазіргі таңда экологиялық реттеу бөлімінің бас маманы қызметін атқарамын. Жұмыс барысында табиғат пайдаланушылардың ҚР заңнама талаптарын орындауын қадағалаймыз. Заң негізінде табиғатты қорғау, тал егу, ауа атмосферасындағы ластанушы заттардың деңгейін төмендету мақсатында жұмыстар жүргіземіз.

— Жас маман ретінде аймақтың экологиялық ахуалын қалай бағалар едіңіздер? Арал экологиясымен қоса біз қандай мәселеге ден қоюымыз керек?



Әлішер ШАМЕНОВ:

— 10 баллдық шкаламен салыстырар болсақ, 8 баллмен бағалар едім. Себебі, осыдан он жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда экологиялық ахуалдың әлдеқайда оңалғанын байқауға болады. Айталық, Байқоңыр ғарыш айлағында зымырандардың ұшуы азайғанын, өнеркәсіп орындарынан шығатын ластанушы заттар мөлшерінің төмендегенін және қазір жас жеткіншектерде экомәдениеттің қалыптасқанын байқауға болады.

Ал, Арал экологиясымен қоса жүретін мәселенің бірі — Қызылорда қаласы және облыс бойынша тұрмыстық қалдықтармен жұмыс жүргізу және қалдықтарды басқарудың бірыңғай жүйесі

жетілмеген. Республика бойынша күршінің негізгі бөлігі Қызылорда облысында өсіріледі. Облыста күрші өңдейтін 50-ден астам ірі және шағын зауыттар жұмыс істейді, сөйкесінше жыл сайын күрші қорығының біраз көлемі жиналады. Күрші қабығы целлюлоза, кремний және микроэлементтерден тұрады. Күрші қауызы шірмейді және мал азығы үшін жарамсыз. Соның салдарынан қоршаған орта ластануда.

Оразғали МҮТӘЛІПОВ:

— Жас маман ретінде аймақтың экологиялық ахуалы бірқалыпты деп ойлаймын. Өрине атқарылған жұмыстың нәтижесінде оң өзгерістерді байқап жүрміз. Жалпы экологиялық жағдайды тұрақтандыруға әрбір тұрғын атсалысу керек деген көзқарастамын. Облыстың жасыл желікке айналуды үшін үлкен еңбек қажет.

Қазір Байқоңыр ғарыш айлағында экологиялық жағдайды жақсартуға арналған жұмыстар жүргізілуде. Бірақ әлі де шешілмеген мәселелер бар екенін тұрғындар әлеуметтік желіде жиі қозғауда. Сондай-ақ аймақта лас суларды тазартатын биологиялық станция жұмысының талапқа сай келмеуі алаңдатады.

— Маман ретінде тәжірибені жетілдіру үшін қалай іздестіріңіздер? Жалпы аймақта жас экологтарға арналған ұйым немесе орта бар ма? Болса қандай шаралар атқаруда?

Әлішер ШАМЕНОВ:
— Мамандық бойынша алған білімді маман ретінде жұмыс барысында пайдалана білу — үлкен жауапкершілік. Қай салада болсын, жауапкершілікті сезіну, ізденіс, білім талап етіледі. Сондықтан «білгенімен білерім көп» деген ұстанымдамын.

Осы ретте

департаменттің зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің басышы Венера Сабыржанқызының еңбегі ерекше. Ол кісі әрдайым жауапкершілік пен тиянақтылықты талап ете отырып, жас мамандарды жұмысқа қызықтырып, ақыл-кеңесін үйретуде.

Өңірімізде жас эколог мамандардың қатысуымен экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында түрлі акциялар ұйымдастырылып келеді. Атап айтсақ, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің бастамасымен ұйымдастырылған «Бірге Таза Қазақстан» акциясының нәтижесінде өңіріміздің экологиялық жағдайы жақсарып, жастардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігі арта түсті. Бұл жұмысқа еріктілер де атсалысты. Мұның өзі өңірдегі экологиялық мәдениеттің қалыптасқанын көрсетеді.



Оразғали МҮТӘЛІПОВ:

— Осы саладағы әріптестерімнің кеңесін барынша жұмыс барысында қолдануға тырысамын. Қазір әлеуметтік

желі көмегімен дамыған мемлекеттердегі зерттеу жұмыстарын бақылауды әдетке айналдырдым. Себебі шетелдегі экологиялық бастамалардың еліміз үшін оң әсері болуы мүмкін. Облыс аумағында экологиялық бағытта жұмыс істейтін «Эко-камкор-Болашақ», «Сыр-экологиясы» қоғамдық ұйымдары бар. Осы ұйымдардағы ерікті жастар көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөледі.

— Қай саланы алып қарасақ та, әрбір маман өз ісін шешері болуға талпынады. Ал сіздер мақсат еткен меже қандай?

Әлішер ШАМЕНОВ:
— Бүгінде мемлекеттік саладағы мамандардың білім-біліктілігінен бұрын, адамгершілігі, тәрбиелілігі талап етіледі. Мемлекеттік қызметші тек білімді ғана емес, жоғары моральды жауапкершіліктен қарағанда ғана елдің ертеңі нұрлы болады деп есептеймін.

Менің эколог маман ретіндегі мақсатым — энергияны жаңадан іске қосылған қуат көздері арқылы өндіру, климаттың өзгеруі салдарынан болған зардаптарды жеңілдету, отындарды пайдалану тиімділігі мен ғимараттарға жарық беруші құралдардың энергиялық тиімділігін арттыру.

Оразғали МҮТӘЛІПОВ:
— Мен жылдар бойы қалыптасқан экологтар тәжірибесіне сүйене отырып, экологиялық ахуалға салыстырмалы түрде зерттеу жүргізіп келеді. Сонымен қатар дамыған мемлекеттердің тәжірибесін алып, жалпы жүйеге өзгеріс енгізем деген жоспарым бар. Өрине жаңалық ашу оңай емес, бірақ мен сол жолда еңбектенем беремін. **— Сұхбаттасқандарыңызға рақмет!**

Әңгімелескен
Гүлдана
ЖҰМАДИНОВ

ЭКОЛОГ НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?

«БУРАБАЙДЫҢ» ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Арал ауданының, Ақбасты елдімекенінде дертке шипа емдік су бар. «Бурабай» аталатын бұл суды халық арасында «ыстық су» деп те атайды. Жердің астынан шығатын су жылдың төрт мезгілінде де 40 С температураны бірқалыпты ұстап тұрады.

Бүгінде «Бурабайдың» емдік қасиеті бүкіл аймаққа таныс. Сол үшін адамдар жаз мезгілінде ағылып келеді. Қандағаш қаласының тұрғыны Жанар Демеуова емдік су жайлы келесідей пікірін айтты:

— Ең бірінші Аллага сансыз шүкір айтамын. Балам Дәулет екі айынан бастап басына, бетіне жара қаптап ауырды. Қышығанда балапаным жылап, мазасы кететін. Қандағаш, Ақтебе қалаларындағы дерігерлерге апта сайын қаралып, маз, дәрі жазып береді. Бірақ уақытша нәрсе еді. Кетпей, үсті-үстіне қаптап кететін. Содан қайыңжұтыма баламды апарып, емдік суға он күндей қайта-қайта шомылдырып көрдім. Сенесіз бе, сізге өтірік, маған шын баламның жарасы кете бастады. Қуанғанымды көрсенді... Қайта-қайта шомылдырған соң жарасының ізі де қалмады. Ұлымның осы дертіне Ақбасты елдімекеніндегі «Бурабай» суы көп септігін тигізді. Бұл емдік су жайлы үлкендерден сұрағаныма тоғыз дертке шипасы бар екенін естідім, — дейді үш баланың анасы.

Расында, жер астынан шыққан ыстық су ем іздеген талай науқасты, әуре-сарсаңға түскен біраз адамды аяққа тұрғызды. Тіпті бұл судың пайдасын дерігерлер де, шипагерлер де мойындап отыр. Буын, асқазан, тері, қан қысымы, аллергия сынды өзге де ауруларға көмегі тиюде. Үлкендердің айтуынша судың ағып тұрғанына жарты ғасырға жуық уақыт болған. Аядай ғана ауылда емдік судың болуы табиғаттың керемет құбылысы тәрізді.

Аружан МИРАМҚЫЗЫ, ҚМУ-дың студенті

Балаларды қорғау мерекесіне орай «Қайсар» футбол клубы жеткіншектер арасында Еуропа чемпионатын ұйымдастырды. Дәстүрге айналған турнирдің мақсаты – 2012-2013 жылы туған жөсөспірімдерді «Қайсар» футбол орталығына іріктеп, команда жасақтау және саламатты өмір салтын несіхаттау. Еуропа чемпионаты аясында жалауы желбіреген теңбіл доп додасында 6 команда бақ сынады.

ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ



Жарыстың қорытындысында Қазақстан құрамасы қолаға қол созды. Олар үшінші орын үшін таласта Англия құрамасын шаң қаптырды. Турнирдің аяқтасуында Испания мен Бельгия құрамалары шеберлік байқасып, 1 доп басылмай алғашқысының мерей үстем болды. Турнир барысында ойын өрнегін көрсеткен шебер футболшылар да марапат биігінен көрінді. Атап айтсақ: «Ең үздік қақпашы» – Ернұр Ержанұлы (Франция),

«Ең үздік жартылай қорғаушы» – Әлихан Мақұлбеков (Германия), «Ең үздік шабуылшы» – Досбол Әуезхан (Англия), «Ең үздік ойыншы» – Нұрслам Дәулетов (Испания) атанды. Жүлдегерлерге медальдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ клубтың серіктестер тарапынан барлық қатысушыларға тәттілер үйлестірілді.

Айбек ЖАҚСЫЛЫҚ

АЗИЯДА ҮЗДІКПІЗ

Бокстан Дубайда өткен Азия чемпионаты мәресіне жетті. Әйелдер арасындағы бәсекеде Қазақстан командасы сегіз алтын иеленіп, жалпыкомандалық есепте көш басынан көрінді.



Аяқтың сында Қазақстаннан тоғыз спортшы өнер көрсетті. Олар 48 келіде Алуа Балқыбекова, 51 келіде Назым Қызыбай, 54 келіде Дина Жоламан, 57 келіде Владислава Кукта, 60 келіде Римма Волосенко, 64 келіде Милана Сафронова, 69 келіде Валентина Хальзова, 81 келіде Фариза Шолтай және +81 келі салмақ дәрежесінде сығна түскен Ләззат Күнгебаева.

Финалда бақ сынаған тоғыз боксшымыздың сегізін алтын медаль алды. Тек 57 келіде жудырықтасқан Владислава Кукта ғана аяқтың сында сүрін, чемпионаттың күміс жүлдегері атанды. Ал жартылай финалда жарыс жолынан шығып қалған Марина Вольнова (75 келі) құрлық біріншілігінің қола медаліне ие болды.

Қазақстан салпынан алғаш болып шаршы алаңға шыққан Алуа Балқыбекова біріншіліктің алтын жүлдегері атанды. Ол финалда өзбекстандық Гүлсая Сұлтаналиеваны жеңді. Қазақстан командасының көшбасшысы, 51 келідегі Назым Қызыбай финалда әлемнің алты дүркін чемпионы әрдістандық Мәри Комды жеңді. Төрешілер 4:1 есебімен жеңісті Назымға берді. Жеке-жеке соң Назым бұл жеңістің орны ерекше екенін айтты.

– Көптен бері жолым болмай жүрген еді. Сондықтан осы жолы алдыма тек жеңіске жеттім деген мақсат қойдым. Турнирге жоғары деңгейде дайындалдық. Барлық қарсыластарымыз да қарымды болды. Бапкерлердің айтқанын бұлжытпай орындап, туғардың ең биігінен көрініп отырмыз, – деді Назым.

54 келіде сығна түскен Дина Жоламан өзбекстандық Ситора Шогдарованы жеңді. 57 келі салмақта сығна түскен Владислава Кукта өзбекстандық Ситора Турдыбековаға 0:5 есебімен жол берді. Бұл – Куктаның құрлықтық турнирде жеңіп алған алғашқы жүлдесі. Ал 60 келіде жудырықтасқан Римма Волосенко индонезиялық қарсыласы Хусватун Хасанды жеңді. Қазақстандық спортшы қарсыласын бірінші раундта екі рет нокдаунға жіберген соң төрешілер жеке-жеке уақытынан бұрын тоқтатты.

64 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған Милана Сафронова финалда үндістандық Лалбуатсаихиді жеңіп, Азия чемпионатының алтын иеленді. 69 келіде жудырықтасқан Валентина Хальзова аяқтың сында Фариза өзбекстандық Сохиба Рүзметованы көздесіп, жеңіске жетті. Финалда Ләззат Күнгебаева (+81 келі) үндістандық Ануламадан басым түсіп, өз салмағының үздігі атанды. Осылайша, Қазақстан қыздар құрамасы Азия чемпионатында 8 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль алып, жалпыкомандалық есепте жеке-дара көш бастады.

Құрлықтық додада өзбекстандық боксшы қыздар бір алтын, бес күміс пен екі қола медаль алды. Ал үндістандық боксшы қыздар бір алтын, үш күміс және алты қолаға қол жеткізді.

Жарыстың соңғы күнінде жігіттер шаршы алаңға көтерілді. Ерлер арасындағы финалдық кездесуде алтыға талас жүргізген жігіттердің барлығы күміспен күптелді. Қазақстан құрамасы салпында бес боксшы финалдық кездесуде өнер көрсетті. Олардың қатарында Даниял Сәбит (49 келі), Абылайхан Жүсіпов (69 келі), Әбілхан Аманқұл (75 келі), Василий Левит (91 келі) және Қашымбек Қоңқабаев (91 келіден жоғары) бар.

Қазақстанның бокс федерациясының президенті Кеңес Рахшыев Азия құрлығы жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйақы тағайындады. Жарыс чемпионы – 10 мың АҚШ доллары (4 280 000 теңге), күміс жүлдегер – 5 мың доллар (2 140 000 теңге), қола жүлдегер 2,5 мың доллар (1 070 000 теңге) көлемінде сыйақы алады.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ ЖЫРЫ

Футболдан Қазақстан біріншілігі бел ортасына жеткенде бірнеше команда бас бапкерлерін қызметтен босатып, жаңа жаттықтырушылармен толықты. Сонымен ел клубтарындағы бапкер мәселесіне тоқталсақ.



«Ақтөбеде» жаңа бапкер

Жаңа маусымда жыл жаңалығы болған «Ақтөбе» командасын беларусь маманы Алексей Бага тізгіндеген еді. Литва біріншілігінің үздік бапкері болған Бага Қазақстанда көп тұрақтамады. Небәрі 9 матчқа атсалысқан Алексей «Ақтөбемен» қош айтысты. Сол кездегі клуб директоры Артур Смагулов Баганың жұмысына көңілі толмай, қызметінен босатқан еді. Артында Смагулов та тақтан түсіп, облыс басшысының көңілінен шықпай, қызметінен кетті. Еліміздің бес дүркін жеңімпазын енді белгілі бапкер Вахид Масудов баптағын болады. Отандық маман 2003 жылы дәл осы клубты жаттықтырған. Биыл Вахид Масудов Бірінші лигада өнер көрсететін «Мақтааралмен» келісімге келіп, 7 ойынға атсалысқан еді.

Қасқырлар Әбілдаевты босатты

Желтоқсан айында «Қайсар» футбол клубының бас бапкері болып сайланған Сұлтан Әбілдаев ел біріншілігінің алғашқы айналымы аяқталысымен қызметінен кетуге мәжбүр болды. Өрине, бұған себеп команданың төменгі көрсеткіші. 14 ойында небәрі 7 ұпай жинаған қасқырлар турнирлік кестеде соңғы орында келеді. Сұлтан Тоқатайұлының тізгіндеуімен команда 1 жеңіс, 4 тең нәтижеге қол жеткізген. Жергілікті жаттықтырушы енді балалар футболын дамыту мақсатында «Қайсар» футбол орталығында қызмет атқарады деген сыбыс бар. Жалпы Әбілдаевтың орнын кім басады деген сұवाल көптің көңілінен жүргені анық. Клуб директоры Сәрік Досмембетов отандық бапкерлердің кандидатурасын қарастырып жатыр деген ақпар ғаламторда жариялануда. Өткен жылы Еуропа лигасында бақ сынаған клубқа тәжірибелі жаттықтырушының келетіні айдан анық. Дәл қазіргі сәтте отандық мамандар арасынан тек Владимир Никитенконың еркін агентте жүргені белгілі. Сондықтан «Қайсар» жанкүйерлерінің сүйікті бапкері Қызылордаға оралуы бек мүмкін.



«Мақтааралды» Горовенко баптайды

Вахид Масудов «Ақтөбе» командасына ауыса салысымен «Мақтаарал» көп ұзамай жаңа бапкерін жариялады. Өткен маусымда қарағандылық «Шахтерды» жаттықтырып, жұрт күтпеген нәтижені тіркеген Константин Горовенко бірінші лига өкіліне баптады. Отандық футболдан көп ұзап қалған Горовенко енді «Мақтааралды» Премьер-лигаға шығару үшін қызмет атқарады. Осы уақытқа дейін спорт сарапшылары Константинды «Кайсарға» барады деп топшылаған еді. Алайда алма-тылық маман «Мақтааралды» таңдады.



ЖЕРЛЕСТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ



Ауыр атлетикадан Ташкентте өткен жастар арасындағы әлем біріншілігінде қос жерлесіміз алдына жан салмай, жарыс жеңімпазы атанды.

102 кило салмақта күш сынасқан Рахат Бекболатқа айрықша сенім артылғаны белгілі. 2019 жылы ол жасөспірімдердің әлем және Азия біріншіліктерінде алтын туғыра көтерілсе, бытыр Әлем кубогында дара шығып қана қоймай, рекордты да жаңартты. Сол жарыстардың бірінде соған дейін Илья Ильин көрсеткен нәтижеден асып түскен қазақтың нар тұлғалы ұлы көпшіліктің қошеметіне бөленді. Биыл ересектердің Азия чемпионатында да Рахат алдына жан салмады. Бұл жолы да жерлесіміз өзіне артылған сенімді толығымен ақтады. Қосайды қорытындысы бойынша 377 (175+202) килоны өңсерген Бекболат бас жүлдені қанжығасына байлады. Сыр бойының сайыпқыраны екінші орынды иеленген болгариялық Василь Мариновтан жеті кило артық салмақ көтерді. Үшінші орынға табан тіреген грузиялық Заза Ломтадзеңің көрсеткіші – 351 кило. Жарыстың соңғы күні жарыс алаңына көтерілген тағы бір жерлесіміз Айсамал Сансызбаева да алтын жүлдеге қол созды.

Бұған дейін де өз құрылғылары арасында өткен талай дүбірлі додада дараланған Айсамал Әбейтінің бас шаһарында керемет өнер көрсетіп, +87 кило салмақта сығна түскен ол қосайсының қорытындысы бойынша 258 (113+145) килограмм зилтемірді өңсеріп, бас жүлдені олжалады.

Ресей спортшысы Виктория Орлова (235 кило) күміспен күптелсе, канадалық Эмма Фризен (215 кило) қолаға қол созды.

Бетмі дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

ЖАРЫСТЫҢ СЫЙАҚЫСЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Еуропаның футбол одағының (УЕФА) мұрындық болуымен биылғы маусымда өтетін Конференция лигасында өнер көрсететін командалардың қандай мөлшерде сыйақы алатыны жария етілді.

Биылғы доп додасында Нур-Сұлтанның «Астана», Қостанайдың «Тобыл» және Қарағандының «Шахтер» клубтары бақ сынады. Олар турнирді іріктеу сайыстарынан бастайды. Бұл командалардан әрқайсысы келесі кезеңге шыққан сайын 100 000 еуродан алып отырады. Егер алғашқы сынанатан сүрінген жағдайда өтемаке ретінде 150 000 евро төлеу жағы да қарастырылған. Сол секілді екінші кезеңде жеңілгендерге 350 000 және үшінші раундта ұтылғандарға 550 000 еуродан беріледі. Плей-офф кезеңінде сүрінгендердің есепшотына бірден 750 000 евро көлемінде қаражат аударылады. Ал топтық турнирде күш сынасу құрметіне ие болған командалардың материалдық жағдайлары едәуір жақсара түседі.

Ескі сала көтерілі, биыл тұсауы кесілгені ойтырған Конференция лигасында 184 команда өнер көрсетеді. Солардың арасынан іріктеліп шыққан 32 команда топтық турнирде күш сынасады. Одан кейін 1/8 финал, ширек финал, жартылай финал және финалдық сайыстарды тамашалаймыз. Жарыс жеңімпазы 2022 жылдың 25 мамырында Тиранада анықталады.

Фа

Тс
қор
сай
БүА
сал
Жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Бекбол Қаратайұлы 1997 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қаржы ата атындағы университетте журналистика мамандығында білім алған. Университет қабырғасында жүргенде белсенділігімен көзге түсті. Сөйтіп II курстан бастап "Мәселе" бағдарламасында ұзақ мерзімде тәжірибеден өтіп, жұмыс істеді. Сондай-ақ аймақтың төл арналарының сайтында қызмет атқарды. 2019 жылы "Азаматтарға арналған үкімет" МК облыстық филиалының баспасөз маманы болды. Екі жылдың ішінде түрлі ақпарат, сұхбаттармен қоса онлайн құжат тапсыру жөнінде кеңес беріп отырды. Ол "Ұшқыр қалам" номинациясының иегері. Жетістіктері де біршама. Бүгінде Қызылорда облыстық "Сыр үміті" қауымдастығын" қоғамдық бірлестігінің атқарушы директорының орынбасары. Сонымен қатар Қызылорда су жүйесі мекемесінде баспасөз хатшы.



Бекбол ҚАРАТАЙҰЛЫ:

"ТӘУЕЛСІЗДІК – ОЛ КЕУДЕДЕН ЕРКІН ШЫҚҚАН СӨЗ, ЖАЛТАҚТАМАЙ АЛҒАН ЖЕҢІС, ЖЫЛАМАЙ ІШКЕН АС"

"Мен патриотпын" дейтіндер көп. Десе де "сіз патриотсыз ба?" деп сұрағанда жауап беруге тосылып қалатындардың қатары оданда көп. Мұны біліп те, естіп те жүрміз. Жалпы біздің түсінімізде патриот ол елінің жанашыры, Отанды қорғаушы азамат. Еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті жоғары қоятын тұлға. Біз бұл сауатты Бекболдан да сұрап көрдік.

– Патриот – елін аузымен емес, арымен, жанарымен емес, жүрегімен, бойымен емес, болмысымен сүре алатын ерекше жаратылыс.

Біздің елде мұндай шынайы патриот аз емес. Алла сол тұлғаларға ұзақ ғұмыр бергей, – дейді ол.

Біліп Тәуелсіздікке – 30 жыл. Егемендікке қалай жеткеніміз, ешкімге тәуелді болмай, өз алдымызға қалай мемлекет болғанымыз белгілі. Ата-бабамыздың ерен еңбегі бізге бейбіт өмір сыйлады. Осылайша біз тыныш өмір сүріп келеміз. Мемлекетіміз еркіндік, кеңейді. Бұл мерекедің ішінде болса да жылы тілеп бары анық.

– Тәуелсіздік – үміт шырағындай, тыныштық тұрағындай, бақыттың сыңарындай ауауы ғұым. Алаш жұртының

сол ауауы ғұымды жанымен, жүрегімен сезігеніне биыл – 30 жыл. Осы мерейлі мезетте барша жерлестерімді құттықтаймын. Елділігіміздің еңсесі биіктей бергей. Тәуелсіз Қазақстанның ғұмыр қоржыны құт пен шұаққа тола берсін, – деген Бекболдың жылы лебіз бар.

"Тәуелсіздікті қалай сезінесіз?" Бұл сұрақ сәзге қойылса қалай жауап берер едіңіз, ойларын көріңізші. Ал Бекболдың жауабы көңілге қоныды. Әрбір жас Тәуелсіздікті осылай бағаласа ғой...

– Маңас Дәуітбай есімді жанауар ағам

осы сұрақты қойғанымда "Абайға тағзым ете алмаған, Мәжбан, Әліханұлыңар ақтай алмаған киімге кезеңдерді алмастырған бүгінгі күнімізді Тәуелсіздікке белар едім", деген еді. Мен осы ойға қосыламын. Тәуелсіздік менің ұғымымда – еркіндік, бәтәуіс емес білімділік, ибалы имандылық және еңселік егемендік. Тәуелсіздік – ол кеудеден еркін шыққан сөз, жалтақтамай алған жеңіс, жыламай ішкен ас, – деп қортындылады әңгімесін.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ЗАТТАР

Жер бетіндегі ең қымбат заттың не екенін бір сәт ойланп көріңіз бе? Планетадағы қымбат зат алтын немесе алмаз емес. Тіпті неше мың жылдық тарихы бар көне жәдігерлер де біз жазғалы отырған заттың қасында арзан. Бұл материалда біз әлемдегі ең қымбат заттардың тізімін жасадық.

Шафран – біздің тімізге алтыннан арзырақ осы дәміменің 11 граммы 11 доллар тұрады. Ол негізінен тағамға дәм, хош иіс және бояу беру үшін асуды қолданылады.

Алтынның икемізін соңшалық, тіпті оның бір уңдысын (31,1 грамм) тігін жігіне айналып, 80 шақырымға созуға болады. Осы асыл металдың 1 граммның бағасы шамамен – 56 доллар тұрады.

Платина – өнеркәсіп, зергерлік бұйымдар және қоршаған орта үшін маңызды зор зат. Бір граммы – 60 доллар.

Мұйізтұмсық мүйізінің ұнтағына сұрыс Бейтұман кенізі және оның граммы 110 долларға бағаланған.

Плутоний – атом энергиясын өндіруге қатысты радиоактивті элемент. Бір грамм плутонийдің бағасы – 4000 доллар.

Алмаз өзін құрамындағы ең күшті

ковалентті байланыстардың арқасында ең жоғары қаттылық пен жылу өткізгіштік деңгейі бар. Көптеген маңызды өндірістерде қолданылатын осы материалдың 1 граммы 55000 доллар тұрады.

Калифорния-252 – бұл нейтронды рентгенографиядан бастап, қатерлі ісікті емдеуге дейінгі кең ауқымда қолданылатын бағалы элемент. Бағасы 27 миллион доллар.

Антиматерия – бұл қарапайым антибөлшектер сияқты массасы мен қасиеттері бар зат. Теориялық тұрғыдан алғанда, ғарышта жұлдыздаралық саяхат кезінде қолданылатын бұл заттың құны 6,25 триллион. Антиматерияның бұлай жоғары бағалану себебі – оны өндірудің қиындығы. Қазіргі кезде антиматерияның бірнеше атомдары ғана зертханалық жағдайда бірнеше минут өмір сүре алады.



Байқау 21 мамырмен 10 маусым аралығында онлайн және офлайн форматта өткізіледі.

Байқауға қатысушылар: облыстың 14-29 жас аралығындағы жастар

Жалпы ережелер: Шығарманы өлеңмен немесе қара сөзбен жазуға болады

Шығарма хат түрінде анаға тілек, еркелік, өтініш, наз, пікір, сезім, алғыс, сағыныш, ұсыныс т.б. түрінде жазылып, мүмкіндігінше жүректен жүрекке жетіп, шынайы жазылуы тиіс.



Шығарма интернет, кітап, газеттен көшірілмеуі тиіс.

Шығарма Ана! 14 күрпімен жазылып, 4 (төрт) беттен аспауы тиіс.

Байқау 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең – шығармаларды жинақтау және іріктеу. Қатысушылардың шығармаларын қазылар алқасы сараптап, 20 уақш шығарманы келесі кезеңге өткізеді.

2 кезең – бейнеролик (дайындау, іріктеу). II кезеңге жолдама алған 20 қатысушы өз шығармаларын бейнеролик түрінде арнайы байланыс номеріне жібереді.

Оқу сауатына, дидактикасына, шығарманы сезінуіне, актерлік шеберліктеріне байланысты бейнероликтер бағаланып, III кезеңге 10 қатысушы жолдама алады.

3 кезең – қазылар алқасының және ата-аналардың алдында қорғау. Алдыңғы кезеңдерден сүрінбей өткен 10 қатысушы арнайы көрермен залында өз шығармаларын оқиды.

Қатысушылардың шығармалары its.oso@mail.ru почтасына 8 747 7423320 вақсат көмегіне 10 маусым сағат 19.00-ге дейін жіберілуі керек.

Қатысушылар жөнінде толық ақпарат шығарманың соңғы бетінде көрсетілуі тиіс (аты-жөні, байланыс номері, оқу орны немесе жұмыс орны туралы қысқаша ақпарат).

Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі диплом және қаржылай сыйлықпен марапатталады.

БАЛАЛАРДЫ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Халықаралық балаларды қорғау мерекесіне орай қалалық демалыс паркінде «Бақытты балалық шақ» атты концерт өтті.

Қалалық білім беру ұйымдарының ұйымдастыруымен өткен мерекелік шараны облыстық білім басқармасының басшысы Ақира Бактыбайқызы ашып, Аймақтың білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Ноғайбайқызы мен қала әкімінің орынбасары Асқарбек Темірбекулы балаларды мерекемен құттықтады.

Шара қонақтары Instagram, «Робототехника» және «Тик-ток» бекеттерінде қонақта болып, балалардың жұмысымен танысып, оқу бекеттегі балғындармен бірге естелік суретке түсті. Шарда бүлдіршіндерге төгілген табысалып, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

Суреттер Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

JULDYZ - JORAMAL

(3 – 10 маусым)

ТОҚТЫ
Бастығыңыз көп тапсырма беріп, оның орындалуын мұқият қадағалайды. Тапсырманы жауапкершілікпен атқара біліңіз. Демалысқа көп уақыт бөліңіз.

ТОРПАҚ
Отбасылық мәселелер туындап, сіз оларға мен бермеуге тырысасыз. Алғашқы шешімдеріңіз тәуелсіз, оларды шешуді қолға алуды жөн санайсыз.

ЕГІЗ
Нақты бір іске қаржы салсаңыз, пайдаға келмейсіз. Бірақ ең алдымен серіктесіңіздің сенімді болуын қадағалаңыз. Күміздің іске ашуы сапаныңыз.

ШАЯН
Керемет апта. Мақсатыңызға бір табан жақындаңыз. Достарыңыз кемең көрсетеді. Жақын туыстарыңыз сөзбен мақтанады.

АРЫСТАН
Ерлі-зайыптылар арасында өзгелерге еліктеушілік пайда болады. Бірақ көп ұзамай өзіндік бөрінен шаршап, қалпыңызға түресіз.

БІКЕШ
Қызықты апта болмақ. Отбасы – сәздік бер байланыс. Жылылық отбасылық мереке ұйымдастырасыз. Бірақ біреумен өзгелерден аял болыңыз.

ТАРАЗЫ
Сүйіспеншілік, деген, махаббатыңыз арта түседі. Дәл қазіргі сәтте сүйікті адамның моральдық және материалдық тұрғыдан қолдауды қажет етеді.

САРЫШАҢ
Кеңі-күйіңіз құбылмалы болады. Кеңі-шектіңіз ұстап, келіңізді босаңыз. Ұстамды болыңыз. Сонымен қатар қарақардан тез арада құтылуға тырысыңыз.

МЕРГЕН
Күш-қуатыңыз азыап, иммунитетіңіз төмендейді. Соның салдарынан, аздап сырқаттанып қалуыңыз мүмкін. Дерттің алдын алу үшін спортпен шұғылданыңыз.

ТАУЕШІ
Стратегиялық жоспар құруға қолайлы апта. Алғашқы күндеріңізді жоспарлап, мақсатыңызға қарай бет аласыз. Тұралап қалған жұмыстарды аяқтайсыз.

СҰҚЫҒЫШ
Егер жұмысыңыз қаржымен тығыз байланысты болса, онда алғашқы қызықты ұсыныстар түседі. Жаңа жұмыстан қорқа-паныз. Қайта білесіңіз сабаға кіріңіз.

БАЛЫҚ
Өзіңді жеңіл сезініп, барлық істі тез атқарасыз. Сонымен қатар жаныңыздағы жандармен де тез тіл табысасыз. Апта сіз үшін қолайлы болады.

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ		
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және құрметті комитетінде тіркелуі алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.		
Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ	Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.	Таралымы: 8517 Тапсырыс: 798
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА		